



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚЫ  
МИНИСТРЛІГІ

## Жүргізілген кеңестер туралы **Есеп**

Тақырыбы: «Қалдан» ШК-да тұзданған жерлерде жүгегі дақылына биоорганикалық тыңайтқышты пайдалану арқылы өнімділікті арттыру және мелиорациялық жағдайын жақсарту.

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырак құнарлылығын сактау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сактау» бағыты бойынша

Өткізу күні:  
«05» шілде 2024 жыл

Кеңес беру өткізілген орын::  
Түркістан облысы, Отырар ауданы,  
Талапты ауылы, ШК «Қалдан»

Эксперт: Махс Пошанов М.Н.  
(қолы)

«Ә.О. Оспанов атындағы Қазақ  
топырақтану және агрехимия  
фылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

Рамазан Р.Х. Рамазанова



## **Есептің құрылымы**

*1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

«Қалдан» ШК-да тұзданған жерлерде жүгері дақылына биоорганикалық тыңайтқышты пайдалану арқылы онімділікті арттыру және мелиорациялық жағдайын жаксарту.

*2) қызметті жақсарту жоніндең кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндең сарапшының ұсыныстары;*

Қалдан шаруақожалығы егістік алқабының тұзданған топырактарында жүгеріге биоорганикалық тыңайтқыш колдану арқылы өнімділігін жоғарылатып, агротехникалық шараларды колданып топырактың мелиорациялық жадайын жаксарту шаралары ұсынылды.

Жүгеріні өсіруде топыракты негізгі өңдеу тәсілдері мен тереңдігі алғы дақылды, топырақ әртүрлілігін, гумус қабатының қалыңдығын, егістік алқабының арамшөптермен ластануын есепке ала отырып жүргізіледі.

Максималды өнімділікпен қамтамасыз ететін дұрыс суару режимін орнату үшін суарылатын өсімдіктің биологиялық ерекшеліктерін, оның вегетациялық кезеңдегі ылғалдылық жағдайларына қойылатын талаптарын, суды тұтынуды, суарылатын аумактың климаттық және топырақ жағдайын және суарылатын жердің климаттық және топырақ жағдайын білу және осы мәліметтерге сай суару уақытын, нормаларын және санын анықтау маңызды.

Жүгерінің өнімділік қалыптастыруды көп жағдайда өсімдіктердің дамуына, жер бетілік массасының өсуі мен қалыптасуына байланысты. Бойы биік, жапырағы көп өсімдіктерде әдетте дәндөрі жақсы толысқан ірі собықтар қалыптасатындығы белгілі. Біздін зерттеулеріміздің нәтижелері көрсеткендегі, өсімдіктердің жасыл массасының қалыптасуына биотыңайтқыштарды колдану жақсы әсер етеді.

*3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроенеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т.б.;*

Тұқымдарды себер алдында өңдеу және жүгері өсімдіктерін екі рет (4-5 және 6-7 жапырақ фазаларында) «БиоЭкоГум» тыңайтқышымен бүркү морфологиялық құрылымына оң әсерін тигізеді.

Түркістан облысының Шәуілдір суармалы алқабында жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижелерінде тұзданбаған топырактарда, ол өсімдіктердің жасыл массасын 29,2 т/га немесе 61,6%-ға арттырды, ал күшті тұзданған топырактарда сәйкесінше өсімдіктердің жасыл массасын 13,5 т/га немесе на 66,7%-ға арттырады.

Барлық шаруашылық-экономикалық көрсеткіштерді біріктіре отырып, «БиоЭкоГум» биотыңайтқышын Шәуілдір суармалы алқабы жағдайында әртүрлі дәрежеде тұзданған топырактарда қолданудың ұсынылған технологиясы 1 га-дан 61,8-ден 336,0 мың теңгеге дейін пайда алуға мүмкіндік береді.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

